Хабарландыру

## Шет ауданы тұрғындары мен коммерциялық емес ұйымдар жетекшілерінің НАЗАРЫНА!

**Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының негізінде және Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 қаулысымен бекітілген Қоғамдық кеңестер туралы үлгілік ережесіне сәйкес Шет ауданының қоғамдық кеңесі мүшелерін сайлау бойынша 27 қаңтардан 7 ақпанға дейін конкурс жарияланады.**

Қоғамдық кеңес мүшелігіне үміткерлер коммерциялық емес ұйымдардан, азаматтар тарапынан, соның ішінде өзін-өзі ұсыну бойынша тіркеле алады.

Конкурсқа қатысушылар «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 10-бабына сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар келесі құжаттарды ұсынады:

1) Кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы Коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

3) Кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер ұсынылады.

4) Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;

5) Психикалық мінез-құлықтық бұзулардың (аурулардың), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзулардың болуы немесе болмауы туралы анықтама.

Аталған құжаттарды аудандық мәслихаты аппаратына немесе maslihat-shet@mail.ru электронды адресіне жіберулеріңіз сұралады.

Байланыс телефоны: 8(71031) 21-2-77, 8701 960 67 57.

**Жұмыс тобы.**

Қоғамдық тыңдаулар!

## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Saryarka Resources Capital” ЖШС Қарағанды облысындағы Алмалы кен орнында мыс-алтын кендерін барлау жоспарына байланысты “қоршаған ортаны қорғау” бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар бірыңғай экологиялық порталдың https://ecoportal.kz// сайтында жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде өткізіледі, қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 31 қаңтардан бастап өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: «ЭкоРесурсы» ЖШС, БСН 160640018868, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі 105. Жоба бойынша құжаттаманы, ескертулер мен ұсыныстарды ekoresurs_2016@mail.ru электрондық поштаға жіберуге болады, тел. 87026092272.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО “Saryarka Resources Capital” объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по Разделу «Охрана окружающей среды» к Плану разведки медно-золотых руд на Алмалинском рудном поле в Карагандинской области.

Публичные обсуждения проводятся в течение 5 рабочих дней с момента публикации на сайте Единого Экологического Портала https://ecoportal.kz//, с 31 января 2025 г проводятся публичные обсуждения и принимаются замечания и предложения.

Разработчик раздела ООС: ТОО «ЭкоРесурсы», БИН 160640018868, г.Костанай, ул.Байтурсынова 105. Документация по проекту, замечания и предложения можно отправлять на эл.адрес: ekoresurs_2016@mail.ru, тел. 87026092272.

Көне жәдігер

## КЕЛІ - КЕЛСАП

Келі – дәнді дақылдар мен науат, шақпақ қант тәрізді түйір-түйір заттарды түйігіштеп уататын, ұнтақтайтын, қатты ағаштан, тас, темір, шойын сияқты материалдардан жасалған іші қуыс құрал, тұрмыстық бұйым. Бидай, тары, арпа т.б. дәнді дақылдарды түюге арналған ағаш келі қатты ағаштың жуан дінінен ортасын 30-35 см терендікте ұңғуырмен ою, қашау арқылы жасалған.

Иесі: Асылбекова Қадиша.
Мерзімделуі: ХХ ғ. басы
Материалы: ағаш
Техника: ағаш өңдеу
Өлшемі:10х108, 39х23 см.



Ырым-тиымдар

## АСТЫҢ БЕТІН АШЫҚ ТАСТАМА

Ертеде бір кейуана болыпты. Ол аяғы ауыр әйелдердің босануына жәрдемдеседі екен. Әйелдер «қолы жеңіл» деп, оның алдына жиі келіпті.

Бір күні түн ортасында есігін біреу қағады. Кейуана есікті ашса, ешкім жоқ. Кемпір «қағыс естіген шығармын» деп, төсегіне қайтып келіп жатады. Бірақ оқиға дәл осылай екі рет қайталанады. Үшінші ретте есік алдында тұрған ақбоз атты кісіні көреді. Түр-тұрпаты бөлек, өзгеше екен. Жақын маңайдың кісілеріне ұқсамайды.

- Бір жас келініміз босана алмай жатыр, соған жәрдем берсеңіз, - дейді ол. Кемпір келісіп, жолға шығады.

- Апа, көзіңізді тарс жұмыңыз, біз белгі бергенше ашпаңыз. Әйтпесе, майып боласыз, - дейді. Кемпір көзін тарс жұмып отырады. Жолда гүрсілдеген, салдырлаған, оқыс дыбыстар шығып, зәресін ұшырады. Бір жерге жеткенде:

- Апа, көзіңізді ашыңыз, - деген дауыс естіледі. Қараса, бір үйге келіпті. Төрде жас келіншек босана алмай қиналып жатыр екен. Кемпір оны аман-есен босандырып алады. Нәрестенің кіндігін кесіп:

- Баланы, шомылдыратын су әкеліңдер, - дейді. Өзін ертіп әкелген кісі: «Қазір», - дейді де, біраз уақытқа жоғалып кетеді. Сәлден кейін су емес бір шара сүт әкеледі. Кемпір түсінбей таңғалады. Баланы шомылдырып жатып қараса, шара көршісінің сүт құятын ыдысына ұқсайды екен. Кемпір секем алып қалады. Басқаларға білдірмей, сақинасын сүтке салып жібереді. Бәрі біткен соң, олар бөпені шомылдырған сүт пен тостақты қайтадан алып кетеді.

Үй иелері оған мол сыйсияпат беріп, үйіне әкеліп тастайды. Кемпір таң атқанша көз ілмейді.

Ертесіне түндегі шараны тексеру үшін көрші үйге барады. Таныс ыдыс көзіне оттай басылады. Ішінде сүт тұр екен. Ол сүтті сүзіп, сақинасын тауып алады. Сол кезде барып, түндегі бейтаныс кісілердің жын-пері екенін түсінеді. Көршісіне болған жайды баяндап, сүтке жын баласының шомылғанын айтады да, сүтті адам аяғы баспайтын жерге төктіреді.

Көрші үйдің келіні бұрыннан салақ еді. Ырым-тыйым талаптарға жеңіл қарайтын. Майлықтары, жаулықтары айлап-апталап жуылмайтын. Кешкі астан соң ыдыс-аяғын жууға еріиіп жата салатын. Үйдегі ас-ауқаттың бетін бүркеп жатуға да ерінетін. Сол күні түнде сүттің бетін жаппастан жатып қалыпты. Оның ашық-шашық ыдыстарын жынжыбырлар жалап кетеді екен. Соның кесірінен үйінің берекесі қашып, байы еселеп мал тапса да, бақуатты өмір сүрмейтін.



Сонымен қатар балаларға тамақ жеудің мынадай әдептерін көрсеткен жөн. Тамақтан бұрын және кейін қол жуу, тамақты «бисмиллләhпен» бастау, дұғамен бітіру, оң қолмен жеу, өзінің алдынан жеу, тамақты жатып жемеу, қолды тіреп отырмау, тамаққа мін айтпау, нанның, тамақтың дастарқанға түскен үгінділерін тастамау, суды үш мәрте бөліп ішу, кесенің сынған жерінен су ішпеу, су құйылған ыдысқа ауызды малып ішпеу, тамақ салынған ыдыстардың бетін ашық қалдырмау, тамақты қатты ыстық күйінде жемеу. Ауруға жол ашатын себептердің бірі хадисте былай түсіндірген: «Ыдыстарыңның бетін жауып жүріңдер, дорбаларыңның аузын байлаңдар. Себебі, жыл ішінде бір түн бар, сол түні оба түседі. Беті ашық қалған ыдыстар мен аузы байланбаған дорбалардың бәрінің ішіне кіреді».

Осыған байланысты ел ішінде түнге қарай сүт пен суды, ас-ауқатты ашық тастамау, ыдыс-аяқты жуып жату туралы ырым-талаптар көбейген екен.

19.11.2024 жылы қайтыс болған Ибраева Жибек Мукашкызының атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Кулейменова көшесі, 17үй, тел. 8701 751 1686.

01.08.2024 жылы қайтыс болған Ергараева Бейсенкуль Шохамбековнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус К.Сұлтановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, тел:8 (71033)62426, 8 705 7592975.

Открыто наследственное дело после смерти Омаров Бахытжана Махмутовича, умершего 09.09.2024 г. Заинтересованные лица могуть обратиться к нотариусу Султановой.К.Т, по адресу: Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абая, дом 31, телефон: 8710 33 62 426, 8705 759 2975.